

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 5, Number 309 (2016), 260 – 264

A.M. Nurgaliyeva,<sup>1</sup> D. Marat <sup>2</sup>

<sup>1</sup>NARHOZ University;

<sup>2</sup> Ak "Kazkommertsbank"

aliya\_mn@mail.ru

## THE CREDITWORTHINESS OF THE BORROWER: THE MEANING AND ORDER OF ANALYSIS

**Abstract.** The article deals with the meaning and the main stages of the analysis of the creditworthiness of customers. Proper identification of customers credit helps to reduce credit risk, so all banks this issue more attention.

**Keywords.** Bank, credit, credit process, credit risk, creditworthiness

A.M. Нурғалиева, Д. Марат

<sup>1</sup> Университет НАРХОЗ;

<sup>2</sup> АҚ «Казкоммерцбанк»

## НЕСИЕ АЛУШЫНЫҢ НЕСИЕЛІК ҚАБІЛЕТТІЛІГІ: МӘНІ ЖӘНЕ ТАЛДАНУ ТӘРТІБІ

**Аннотация.** Мақалада клиенттердің несиелік қабілеттілігінің мәні мен оны талдаудың негізгі сатылары ашылған. Дұрыс анықталған клиенттің несиелік қабілеттілігі несиелік тәуекелді төмендетуге әсерін тигізеді, сондықтан барлық банктерде осы проблемаға үлкен назар аударылады.

**Тірек сөздер.** Банк, несие, несиелік процесс, несиелік тәуекел, несиелік қабілеттілік.

Несиелік қабілеттілік несиелендіру мүмкіндігі мен келісімшартта бекітілген шарттар мәселесін шешуге қажетті қарыз алушыға берілетін мінездеме. Бұл рәсімнің нәтижесі арқылы қарыз алушының несие алатыны-алмайтыны, алатын болса қанша көлемде екені анықталады. Несиелік қабілеттілікті анықтау, біріншіден, банкке тәуекелділікті төмендету үшін және оның жұмыс тұрақтылығын арттыру үшін, екіншіден, серіктестің қаржылық жағдайы мінездемесінің тарапынан келісімшарт жасасу және жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсету, сонымен қатар коммерциялық несие ұсыну.

Клиенттің несиелік қабілеттілігі банктің нақты клиентке берілетін нақты несиеге байланысты жеке тәуекелділік дәрежесін сипаттайды.


Лаврушин О. И. редакциялауымен жазылған «Банк ісі» оқулығында несиелік қабілеттілік қарыз алушының өз қарыздық міндеттемелерін (негізгі қарыз және пайыз бойынша) толық, әрі уақытылы өтеу мүмкіндігі ретінде түсіндіріледі [1, б.162]. Профессор Шеремет А. Д. да осындай пікірді ұстанады [2, б.35].

Профессор Балабанов Н. Т. шаруашылық жүргізуші субъектінің несиелік қабілеттілігі деп оның несие алу және оны қайтарудағы алдын-ала мүмкіндігі деп түсінеді. [3, б.54]. Бұл анықтама айтарлықтай тар мағынада түсіндірілген, себебі онда несие банктермен ақылы негізде ұсынылатыны есепке алынбаған және де несиеқабілеттілік несие бойынша пайыздарды өтеу мүмкіндігінің болуын талап етеді, несиені жай ғана қайтару емес, оны толық көлемде қайтару. Несие мен ол бойынша пайыздар несие келісімшартында көрсетілген мерзімде өтелуіс тиіс екендігі де есепке алынбаған.

Айтылғандай, қарыз алушының несиелік қабілеттілігі көптеген факторларға байланысты, олардың әрқайсысы бағаланып және зерттелуі тиіс. Талдаушы үшін болашақта несиелік

қабілеттілікке ықпал ететін барлық фактордың өзгерісін болжау мен бағалау, себебептері мен мән-жайын анықтау маңызды және өте күрделі мәселе болып табылады. Сондықтан, қарыз алушының несиелік қабілеттілігін талдау мақсаты оған берілген ресурстарды қайтару мүмкіндігін кешенді зерттеуден тұрады және келесідей міндеттерді шешуді көздейді (сурет 1).


Экономикалық әдебиеттерде берілген қарыз алушының несиелік қабілеттілігі жайлы анықтамалардың ішінде ең сәттісі Гиляровская Л. Т. редакциялауымен жазылған «Экономикалық талдау» оқулығында жазылған: «Несиелік қабілеттілік – бұл нарықтық экономикадағы экономикалық субъектілердің несиені сөзсіз өтеу қажеттілігімен байланысты өз міндеттемелерін уақытылы және толық көлемде есеп айырысу» [4, б.350].



Сурет 1 - Қарыз алушының несиелік қабілеттілігін талдаудың негізгі мақсаттары  
Ескерту: автормен жасақталған

Қарыз алушының несиелік қабілеттілігін талдаудың сенімді, толық және объективті нәтижелерін алу нақты ұйымды жүйелі және кешенді түрде зерттелуі арқылы мүмкін болады. Кешенді талдау үрдісі кезінде ұйым қызметін жан-жақты зерттеуге және талдаудың жеке бөлімдерінің өзара байланыстарын егжей-тегжейлі бағалауға және өндіріс көрсеткіштері мен факторларына ерекше назар аударылуы тиіс.

Кешенді экономикалық талдаудың негізгі қағидалары мен мазмұны белгілі ресейлік ғалымдары М. И. Баканова мен А. Д. Шереметтің [2,3] экономикалық нарықтық қатынастардың дамуы бухгалтердік есеп жүйесінің белгілі бір өзгерістеріне, сонымен қатар қаржылық қызметті талдау өзгерістеріне әкелді. Кешенді экономикалық талдау мазмұнына бірқатар өзгерістер енгізілді, бұл модельді қазіргі заманғы шаруашылық жағдайларына бейімдеді, соның ішінде кешенді экономикалық талдаудың бір элементті ретінде қатысатын - қарыз алушының несиелік қабілеттілігін талдаудың орны анықталды (сурет 2).



Сурет 2 - Ұйым қызметін кешенді экономикалық талдаудың жалпы схемасы  
Ескерту: автормен жасақталған

Несиелік қабілеттілікті талдау жеке тұтас нысан ретінде қарастырылуы тиіс, себебі нарықтық экономикаға өту процесінде ұйымдар мен кредиторлар арасындағы өзара қарым-қатынас та өзгереді. Негізгі принцип болып серіктестердің өзара тиімді ынтымақтастығы, олардың шаруашылық жүргізуші субъектінің несиелік қабілеттілігімен тығыз байланысты ортақ экономикалық мүдделері танылады [5, б.43].


Кешенді-экономикалық талдаудың жекелеген блоктарының өзара байланысы және ондағы қарыз алушының несиелік қабілеттілігін талдаудың орны (сурет 4) логикалық түрде негізделуі мүмкін. Шаруашылық жүргізуші субъект қызмет ететін макроорта осы және басқа да ұйымдардың шекараларын анықтай отырып жағдай жасайды.

Бәсекелестік және оны анықтайтын факторларды зерттеуге кредитор жағынан аса назар аударылуы тиіс, себебі осы күрестің күші ұйымның нарықтағы орнына, сәйкесінше, оның несиелік қабілеттілігіне айтарлықтай әсер етеді. Осыған сәйкес 2 және 12 блоктардың өзара байланысы айқын (сурет 2). Ұйымдардың несиелік қабілеттілігін талдаудың басты себебі өнім өндіру шығындарын азайту және сату көлемін арттыру.

Несиелік қабілеттілікті талдау кезінде алдағы тауар өткізу шығындарының көлемі туралы мәліметтерді бағалау қажеттілігі туындайды, себебі несие және оның пайызын өтеу көзі болып табылатын шаруашылық жүргізуші субъектінің болашақ кірістері соған байланысты.

Мұның барлығын 6, 9, 10 және 12 блоктар арасындағы байланыс растайды. Активтердің түрлеріне салынған капитал туралы ақпарат ондағы болып жатқан өзгерістерді талдауға және олардың қанша кіріс әкелетіндігін анықтауға мүмкіндік береді. Мұның барлығы капитал көлемі мен оның құрылымын талдаудың қажеттілігін көрсетеді (сурет 4, блок 7).

Қарыз алушының несие бойынша есеп айырысу мүмкіндігі көп жағдайда меншікті қарыз қаражаттарының көлемі мен оның рентабельділігіне байланысты. Ұйымның оң қаржылық нәтижесі (пайда) бір жағынан қарыз алушының несие ресурстарын тиімді пайдалану көрсеткіші болып, екінші жағынан – оның өтеу көзі ретінде қазмет етеді. 3, 4, 5, 8 және 12 блоктар арасындағы өзара байланыс осыдан пайда болады.



Сурет 3 - Қарыз алушының несие қабілеттілігін талдаудың кешенді жүйесі  
Ескерту: автормен жасакталған

Қарыз алушының қаржылық жағдайы оның несие алуға оң белгісі болып табылады, себебі ол жеке және қарыз қаражаттарының құрылымын және оның әртүрлі мүлік түрлері арасындағы орналасу құрылымын, сонымен қатар оның қолданылу тиімділігін, төлемқабілеттілігін, қаржылық тұрақтылығын, шаруашылық субъектісінің кредиторлар алдында өзін-өзі дамыту және тартымдылық қабілетін көрсетеді. Осыдан 11 және 12 блоктар арасындағы өзара байланыс пайда болады.

12 және 13 блоктар арасындағы байланыс айқын, себебі төлемқабілеттілік ұйымның несие бойынша ғана емес, барлық міндеттемелері бойынша есеп айырысу мүмкіндігін сипаттайды. Қарыз алушының несиелік қабілеттілігін талдауда қолданылатын ең маңызды принцип жүйелілік принципі болып табылады.

3-суретте ортақ мақсатқа жетуге бағытталған өзара байланысты элементтерден құралған қарыз алушының несиеқабілеттілігін кешенді талдаудың жүйесі көрсетілген.

Қарыз алушы ұйымды алдын-ала талдау (экспресс-талдау) барлық қажет құжаттарының болуын тексере және олардың сенімділігін анықтай отырып, қарыз алушының сұралған несиесі мен банк несиесі портфелінің қалыптасуындағы негізгі принциптерінің сәйкестігін анықтау арқылы жүзеге асырылады.

Несие алушыны аладын ала бағалау жасалғаннан кейін 3 – суреттен көрінгендей аналитикалық зерттеу жүргізіледі, оның нәтижесі банк аналитиктері үшін өте маңызды, себебі несиесі алушының неіселік қабілеттілігін кешенді бағалау (блок 2) арқылы, неіселік тәуекелді талдау (блок 3) мен несиесі бойынша қамтамасыз ету түрлерін бағалау (блок 4) қорытындылары банкке сұралған несиесі бойынша ақырғы берілуі бойынша шешім қабылдауға мүмкіндік береді (блок 5).

2, 3 және 4 блок бойынша талдау қорытындылары банктегі әдейі жинақ түрінде рәсімделген кестеде қысқартылуы тиіс.

Несие алушыларға несиелердің берілуі қауіпсіздігі, мақсаттылығы, берілу жағдайлары мүмкіндігін аналитикалық негіздеу (блок 5) өзіне келесілерді біріктіреді: 2, 3 и 4 блок қорытындыларына сипаттама беру; әртүрлі жағдайларға байланысты экономикалық талдау; барлық блок нәтижелері бойынша қорытынды (түйіндеме) жасақтау (несиесі беруге болады немесе болмайды, несиесі берілетін болса оның берілу жағдайы, несиенің өтелу кестесі және таңы да басқалар).

Сонымен, клиенттерге несиелердің берілуі мүмкіндігі және берілу жағдайының аналитикалық негізделуі (блок 5) тек қана 2, 3 и 4 блоктар жинақталған қорытындыларына сүйене отырып жасақталады. Бұл келесі жағдайлармен байланысты: қарыз алушының несиелік қабілеттілігі бағалауын ғана пайдалана отырып ұсынылған несиесі ресурстарының қауіпсіздігі туралы шешім қабылдау мүмкін емес. Себебі, қазіргі таңда кредитордың қаржылық жағдайын тұрақсыздандырып қана қоймай, елдегі жалпы банктік саласына және ел экономикасына кері әсер етуі мүмкін несиесі тәуекелдерінің пайда болуы ықтималдылығы жоғары.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Банковское дело. Экспресс курс: учебное пособие / под редакцией профессора О.И.Лаврушина.- М.: КНОРУС, 2006.- 344 с.
- [2] Шеремет А.Д. Методика финансового анализа / А.Д. Шеремет, Р.С. Сайфулин, Е.В. Негапев .. М. : ИНФРА-М, 2008. – 539 с.
- [3] Балабанов Н.Т. Финансовый анализ и планирование хозяйствующего субъекта / И. Т. Балабанов – 2-е изд., М. : Финансы и статистика, 2002. – 208 с.
- [4] Экономический анализ: учебник для вузов / под ред. лот. Гиляровской. М. : ЮНИТИ-ДАНА, 2002. – 615 с.
- [5] Анализ и оценка кредитоспособности заемщика: учебно-практическое пособие / Д.А. Ендовицкий, И.В. Бочарова. - 2-е изд., стер. М. : КНОРУС, 2008. - 264 с.

#### REFERENCES

- [1] Bankovskoe delo. Jekspress kurs: uchebnoe posobie / pod redakciej professora O.I.Lavrushina.- M.: KNORUS, 2006.- 344 s.
- [2] Sheremet A.D. Metodika finansovogo analiza / AD. Sheremet, R.S. Sajfulin, E.V. Negashev .. M. : INFRA-M, 2008. – 539 s.
- [3] Balabanov N.T. Finansovyy analiz i planirovanie hozjajstvujushhego sub#ekta / I. T. Balabanov – 2-e izd., M. : Finansy i statistika, 2002. – 208 s.
- [4] Jekonomicheskij analiz: uchebnik dlja vuzov / pod red. lot. Giljarovskoj. M. : JuNITI-DANA, 2002. – 615 s.
- [5] Analiz i ocenka kreditosposobnosti zaemshhika: uchebno-prakticheskoe posobie / D.A. Endovickij, I.V. Bocharova. - 2-e izd., ster. M. : KNORUS, 2008. - 264 s.

А.М. Нурғалиева, Д. Марат

Университет НАРХОЗ  
АҚ «Қазкоммерцбанк»

#### КРЕДИТОСПОСБНОСТЬ ЗАЕМЩИКА: ЗНАЧЕНИЕ И ПОРЯДОК АНАЛИЗА

**Аннотация.** В статье раскрыты значение и основные этапы анализа кредитоспособности клиентов. Правильное определение кредитоспособности клиента способствует снижению кредитного риска, поэтому во всех банках данной проблеме уделяются большое внимание.

**Ключевые слова:** Банк, кредит, кредитный процесс, кредитный риск, кредитоспособность.